

DOI 10.53364/24138614_2021_22_3_60
ӘОЖ 811.512.122

¹Суранчиева Н. Р., ²Елубай А. М.
^{1,2}Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., ҚР.

¹E-mail: nazgul_87@bk.ru*

²E-mail: smailova_ase@mail.ru

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЖОБАСЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ
НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ ПРОЕКТА ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН
PRESENT AND FUTURE OF THE DIGITAL KAZAKHSTAN PROJECT

Аңдатпа: Зерттеу жұмысы «Цифрлы Қазақстан» жобасының бүгінгі мен болашағын анықтау мақсатында жасалынды. Мақалада кабинеттік зерттеу жүргізіліп, екінші ретті ақпаратты талдау әдісі пайдаланылды. Мақала мемлекеттік жоба аясында болған соң автор зерттеу мақсатына жету үшін мемлекеттік мәліметтер көзін пайдаланды. Мақалада «Цифрлы Қазақстан» жобасының негізгі бағыттары көрсетіліп, әр бағыт бойынша жасалынған жұмыс нәтижесі мен көрсектіштері анықталған. Бұл жобаның сәтті өтіп жатқанының көрсеткіші. Сонымен қатар, автор ұсыныстар бөлімінде цифрландыру уақытындағы ең өзекті Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» еңбегіне негізделе отыра, жобаның болашақтағы даму бағдарына болжам жасады. Қорытындылай келе, мақала «Цифрлы Қазақстан» жобасының бүгінгі мен болашағына қатысты нақты дәйектер мен фактілер келтіріп, жобаның маңыздылығы мен өзектілігін көтереді.

Түйін сөздер: цифрландыру, адами капитал, инновация, еңбек өнімділігі, экономика, әлеумет, индустриалды революция.

Аннотация: Исследование проводилось с целью определения настоящего и будущего проекта «Цифровой Казахстан». В основе статьи стоит кабинетное исследование использующая методику анализа вторичных данных. Так как статья анализировала государственный проект, автор использовал данные из государственных ресурсов как источник для достижения цели исследования. В статье показаны основные направления проекта «Цифровой Казахстан» и определены результаты и показатели работы по каждому направлению. Это является показателем успеха проекта. Кроме того, в разделе рекомендаций автор предсказывает будущее направление проекта, основываясь на наиболее актуальной в цифровую эпоху работе Клауса Шваба «Четвертая промышленная революция». В заключение в статье приводятся конкретные факты и цифры о настоящем и будущем проекта «Цифровой Казахстан», подчеркивается важность и актуальность проекта.

Ключевые слова: цифровизация, человеческий капитал, инновации, производительность труда, экономика, общество, промышленная революция.

Abstract: The study was carried out to determine the present and future project "Digital Kazakhstan". The article is based on a desk study using the technique of analyzing secondary data. Since the article analyzed a government project, the author used data from government resources as a source to achieve the research goal. The article shows the main directions of the "Digital Kazakhstan" project and defines the results and performance indicators in each direction. This is an indicator of the success of the project. In addition, in the recommendations section, the author predicts the future direction of the project, based on the most relevant work in the digital age by

Klaus Schwab "The Fourth Industrial Revolution". In conclusion, the article provides specific facts and figures about the present and future of the "Digital Kazakhstan" project, emphasizes the importance and relevance of the project.

Key words: digitalization, human capital, innovation, labor productivity, economy, society, industrial revolution.

Кіріспе. «Цифрлы Қазақстан» жобасы сандық технологияларды тиімді пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының экономикасын және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатынды ұйымдастырылған жоба. Ол қысқа және орта мерзімде Қазақстанның экономикасының дамуын жеделдету, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту, ал ұзақ мерзімде Қазақстанды сандық экономикалық даму жолына түсіру секілді мақсаттарды орындауға бағытталған. 2017 жылы заман талаптарына сәйкес келу және қазіргі заман ағымынан қалыспау мақсатында құрылған бұл жоба бүгінгі уақытта біршама жетістіктерге жетіп, белгілі бір деңгейде өз мақсаттарын орындап, еліміздің әл-ауқатын арттырып, әлеуетін орындауда өз әсерін беріп жатыр. Дегенмен, әл-ауқаттың артуын қандай салаларда болып жатқанын нақтылау үшін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының іске асырудың негізгі бес бағытын қарастырған жөн болып табылады [1]. Олар:

1. Экономика салаларын цифрландыру – Қазақстанның экономикасының дәстүрлі салаларындағы еңбек үрдісін тиімділігін арттыру және кәсіпорындардың капиталын арттыру мақсатында барлық цифрлық технологияларды пайдаланып, қолдану.

2. Цифрлық мемлекетке көшу – мемлекеттің инфрақұрылымдық функциясын орындау мақсатында халық пен кәсіпкерлерге тиімді қызмет көрсетуді қалыптастыру.

3. Цифрлы Жібек жолын іске асыру – деректердің жіберу, сақтау, өңдеу және қорғауда Қазақстанның транзиттік әлеуетін іске асыру.

4. Адами капиталды дамыту – заман талабына сәйкес креативті қоғам құру, білім экономикасына өту барысындағы түрлендіру.

5. Инновациялық экожүйені құру – ғылым, кәсіпкерлік және мемлекет арасындағы байланыстың нәтижесінде технологиялық кәсіпкерлік және инновацияларға жол ашу. Бұл бағытта мемлекет тарабы инновацияларды өндіріске шығару, бейімдеу және енгізуге мүмкіндігі бар экожүйенің өршіткісі ретінде қызмет атқарады.

Негізгі бөлім

Қазіргі уақытта осы бес бағыт бойынша бүгінгі күні біршама жұмыс нәтижелі болып жатыр. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 2021 жылы ғаламторды пайдаланушылардың үлесі 81%, халықтың сандық сауаттылық деңгейі - 81,5% құрап тұр. Ал осы жылға Ақпараттық коммуникациялық технологиялардағы еңбек өнімділігінің өсуі - 5,9%, «Тау-кен өндірісі және карьерлерді қазу» секциясы бойынша еңбек өнімділігінің өсуі - 6,3%, «Көлік және қойма» бөліміндегі еңбек өнімділігінің өсуі - 4,8% құрады. Сонымен қатар, ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында жұмыспен қамтылғандар саны - 110 мың адам, әрі электрондық түрде алынған мемлекеттік қызметтердің үлесі 80% құрайды [2]. Осы деректерге сүйене отырып бағдарламаның бірінші және екінші бағыттары бойынша нәтижелі жұмыс жасалынғанын көреміз. Сонымен қатар, білім саласының корона дағдарыс кезінде онлайнға өтуі де, осы бағдарламаның үшінші бағытының актуалды екенін, әрі сонда жасалынған жұмыстардың тиімді екенін көрсетті. Соның бірі, білім министрлігінің сайтында электронды оқулықтарға қолжетімділіктің берілуі. Ал, бесінші бағыт бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруы 2019 жылдың соңында инновациялық экожүйеге 32,8 млрд.теңге тартты және 50 мың жұмыс орны құрылды, ал экономикалық тиімділігі 714,3 млрд.теңгені құрады. Сонымен қатар, бірнеше бағытты қамтитын «Сандық шахта» жобасының күтілетін нәтижелерінің

қатарына өндіріс шығындарының төмендеуі, айналым капиталын басқару, персоналдың мотивациясы мен өнімділігінің артуы, жабдықты пайдалану тиімділігінің жоғарылауы, сонымен қатар өндірістік персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді жұмыс жасалынды [2;3]. Осылайша, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша бүгінгі күнге көптеген істер атқарылғаны белгілі болды.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының болашақта да де жемісті болу мақсатында көптеген бастамалар қолға алынуда. Соның ішінде мемлекеттік бағдарлама бойынша 2021-2022 жылдары стартаптарға 67 миллиард теңге инвестиция тартылады деп күтілуде. Сондай-ақ, 2022 жылы 300 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда. Жалпы, бағдарламаны іске асыруға 2021 жылы 20,9 миллиард, 2022 жылы 19,2 миллиард теңге бөлу жоспарланып отыр. Ал, 2022 жылы елде цифрлық фабрикалардың жұмысын ұйымдастыру жоспарлануда. Бұған республикалық бюджеттен 283,3 млн.теңге бөлінбек [3]. Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бұл шараның арқасында өндіріс шығындары азаятынын, өндіріс шығындары төмендейтінін, еңбек өнімділігі, өндіріс тиімділігі мен қауіпсіздігі жоғарылайтынын атап өтті. Бұл жағдайда біздің технологияларымыз бен құзыреттерімізді дамытуға баса назар аударылатын болады. Сондай-ақ, индустриалды-инновациялық экожүйеге қатысушылар арасындағы үйлестіруді қамтамасыз ету, кедергілерді жою, цифрлық технологияларды танымал ету және ынталандыру шараларын әзірлеу жоспарлануда. Сонымен қатар, тау-кен металлургия өнеркәсібі өндіріс процестерін басқару жүйесін, кәсіпорын ресурстарын жоспарлау, персонал мен жабдықты орналастыру, «ақылды шахталарды» іске асыру, уран өндірісі бойынша іске асырылған жоба мысалында, үлкен деректерді талдауға арналған жобаларды жүзеге асырады. және басқалары. Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бұл сектор экономиканың негізгі нақты секторларының бірі болып табылады деп қосты. Алайда, қайта өңдеу деңгейі өңдеу өнеркәсібінде әлі де жеткілікті жоғары емес. Әлемдік көшбасшылармен салыстырғанда тау-кен өнеркәсібінде технологиялық жабдық жеткіліксіз. Бұл төмен еңбек өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілікке әкеледі. Елдегі кейбір кен орындары заманауи жабдықтармен жабдықталған және дамыған мәліметтер тарату желілеріне қарамастан, олардың едәуір бөлігі жаңартуды қажет етеді. Осыған қарамастан, қабылданған шаралардың арқасында тау-кен металлургия саласындағы еңбек өнімділігі 2022 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 38,9% өседі деп күтілуде [4]. Соның ішінде технологиялардың трансфертін ынталандыратын инновациялық жобалар мен кәсіпорындарды қаржыландыру жүйесі, кәсіпорындардың инновациялық қызметі үшін ынталандыру құру арқылы. Бөлініп жатқан қаражат көрсеткіштері «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын алдағы уақытта көптеген экономика салаларды қамтитынын және соның негізінде халықтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізетінін дәлелдейді.

Ұсыныстар

Жоғарыда атап өтілген цифрландыру әдістерін қарастыра отыра, біз елімізде цифрландыру қарқынды жүріп жатқанын көреміз. Дегенмен, осы жоба аясында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында аударылған Клаус Швабтың «Төртінші индустриалды революция» кітабындағы бірнеше тезистерге негізделі отырып, жобаның одан сайын дамуын сәтті іске асыратын ұсыныстарды атап өтейік [5;6].

Автордың айтуында деректердің үлкен көлеміне қол жеткізе алатын экономика секторлары олардың негізінде қабылданатын шешімдердің сапасын, әсіресе жоспарлы түрде түбегейлі жақсартуға мүмкіндік алады. Бұл банктік қызметке, заң қызметтеріне, сақтандыруға, есепке алуға, менеджментке, кеңес беруге және аудитке, метрологияға, денсаулық сақтауға және т.б.көмектеседі Екінші жағынан, заманауи шешімдермен ұсынылатын логистика қатты дамитын болады. Түрлі рентаға негізделген классикалық артықшылықтардың рөлі төмендейді, ал өнімнің тұтынушылық қасиеттері мен

технологиялық рентадың пайдасына делдалдың рөлі төмендейді. Жалпы алғанда, ресурстарды, оның ішінде табиғи ресурстарды пайдаланудың ұтымдылығы артады, мысалы «шеринг» яғни, бөлісу және айналмалы экономика, яғни ресурстарды қайта пайдаланатын. Экономика ашық болады, болжамды болады, оның дамуы тез және жүйелі болады [6]. Сәйкесінше, осының негізінде бірінші ұсыныс, «Цифрлы Қазақстан» жобасы арқасында біз деректердің үлкен көлеміне қол жеткіземіз. Сол деректерді экономикамыздың түрлі салаларында тиімді пайдалансаң еліміздің түрлі салаларына әсер етуге болады. Қазіргі уақытта білім беру саласындағы бакалавриат, магистратураға бөлінетін мемлекеттік гранттар ашық әрі барынша адал өткізілген тест емтиханнан өтуі, осы деректерді пайдаланудың тиімді көрсеткіші. Әрі соның негізінде біз елімізде болашақта әлеуеті жоғары логистика саласын дамыта аламыз. Клаус Швабтың тағы бір болжамның бірі мамандықтардың ескілерінің жойылуы және жаңаларының пайда болуын айтсақ болады. Мысалы, 2020 жылдан бастап жоғалып бара жатқан мамандықтар: радио операторы, кітапханашы, пошташы, кассир, жүргізуші, штурман, есепші, тігінші, құмырашы, уақыт сақтаушы, бағалаушы, тоқымашы, заңгер, нотариус, мұғалім, фармацевт, терапевт, журналист, риэлтор, логист, диспетчер. Жаңа дамып келе жатқан мамандықтар: блогер, деректер маркетингологы, SCRUM шебері, өнім иесі, UX/UI дизайнері, деректер зерттеушісі, биоинформатика, биофармаколог, нейропсихолог, 3D басып шығару инженері және тағы басқалар пайда болуда. Қарап тұрсақ, жаңа мамандықтар қатарында сандық қызметпен байланысты мамандықтар көп, яғни «Цифрлы Қазақстан» жобасы аясында заманауи мамандықтар мен соларға қажетті қабілеттерді оқыту маңызды болып табылады. Әрі осыны тиімді пайдалану елімізді болашақтың қауіптерін алдын алып, мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, «Цифрлы Қазақстан» жобасы бүгінгі уақытта көптеген бағыттары бойынша өз міндеттерін орындап, мақсаттарына жетіп отыр. Қазақстан үшін дәстүрлі экономиканың көптеген салалары цифрландырылуда. Ал халыққа пен үкімет арасындағы арақашықты азайтатын, әрі мемлекеттік қызметтерді ыңғайлы ету үрдісі қарқынды дамуда, сәйкесінше, цифрлық мемлекетке көшу де жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, мемлекеттік деңгейде деректерді басқару қолға алынып, елдің транзиттік әлеуетін ашу мақсатында үлкен жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты «Цифрлы Жібек жолы» бағытының жұмыстары орындалуда. Ал инновациялық экожүйе құрылуға түрлі жағдай жасалының Қазақстан тұрғындарының адами капиталын дамыту үшін көптеген жұмыс жасалынды, әрі жасалынбақшы. Әрі ұсыныстар бөлімінде осы жобаның болашағына әлеуетті үлкен деректер мен мамандандудың ауысуын қарастырды. Осылайша, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының бүгінгі мен ертеңі еліміздің жарқын жетістігінің бірі деп танысақ болады. Солайша, бес бағыт бойынша жұмыс әлі де жүргізілуде, әрі бұл жұмыс мемлекеттік бағдарламаның ұзақ мерзімді перспективадағы мақсаты Қазақстанды сандық экономикалық даму жолына жетелеуде. Бұл еліміздің бүгінгі және болашағы.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. [Қол жеткізу: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/links#to>]
2. Майдырова А. Б.. "Цифровизации образования как часть модернизации экономики в Казахстане" Россия: тенденции и перспективы развития, no. 15-1, 2020, pp. 567-570.
3. Джуманова Р.А.. "Прямые иностранные инвестиции в Республике Казахстан в условиях цифровизации" Инновации, № 5 (247), 2019, pp. 93-99.

4. Исаева Г. К., Купешев А. Ш., Купешова А. К., and Куралбаева А. Ш.. "Роль и влияние цифровых технологий на экономическую трансформацию Казахстана" Россия: тенденции и перспективы развития, no. 14-2, 2019, pp. 54-56.

5. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір [Қол жеткізу: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy]

References

1. "Sifrlıq Qazaqstan" memleketтік baғdarlamasyn bekıtu turaly" Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2017 jylǵy 12 jeltoqsandaǵy № 827 qaulysy. [Qol jetkızu: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/links#to>]

2. Maidırova A. B.. "Sifrovizasiı obrazovania kak chast modernizasiı ekonomiki v Kazahstane" Rossia: tendensii i perspektivy razvıtia, no. 15-1, 2020, pp. 567-570.

3. Jumanova R.A.. "Prämye inostrannye investisii v Respublike Kazahstan v usloviah sifrovizasiı" İnnovasiı, № 5 (247), 2019, pp. 93-99.

4. İsaeva G. K., Kupeşev A. Ş., Kupeşova A. K., and Kuralbaeva A. Ş.. "Röl i vlianie sifrovıyeh tehnologi na ekonomicheskuiu transformasiu Kazahstana" Rossia: tendensii i perspektivy razvıtia, no. 14-2, 2019, pp. 54-56.

5. Memleket basshysynıñ «Bolaşaqqa baғdar: ruhani jañǵyru» atty maqalasy, 2017 jylǵy 12 säuir [Qol jetkızu: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy].